

Хромтау ауданы № 7 Хромтау мектеп – гимназиясы базасында ұйымдастырылған
сессияның қорытынды анықтамасы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы № 7 Хромтау мектеп - гимназиясы «мектеп жанындағы интернатымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің базасында облыстық білім басқармасының 06.10.2020 жылғы №299/1 «Ресурстық орталық құру туралы» бұйрығының негізінде ресурстық орталық ашылған болатын. Осы ресурстық орталыққа қарасты магниттік мектептер болып Абай негізгі және Оңғар орта мектептері бекітілген. 2021 жылға дейін осы аталған мектептермен бірлескен жұмыстар жүргізіліп келсе, аудандық білім бөлімінің 17.10.2022 жылғы №784 «Ресурстық орталыққа магниттік мектептерді бекіту туралы» бұйрығының негізінде Абай негізгі және Оңғар орта мектептері қатарына Аққұдық орта мектебі, Майтөбе орта мектебі, Көктау шағын жинақты мектептер магниттік мектеп болып бекітілді.

Құрылғаннан бері ресурстық орталық жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді. Жалпы ресурстық орталық- шағын жинақты мектеп оқушыларына базалық және бейіндік оқыту мен тәрбиелеу негізінде олардың қабілеттерін, жеке бейінділік ерекшеліктерін ескеретін сапалы білім беруді қамтамасыз етеді. Ресурстық орталықтың миссиясы құрамына енетін білім мекемелерінің кадрлық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік потенциалын біріктіріп, ауылда толыққанды, базалық және бейіндік білім беруді қамтамасыз ету болғандықтан біз өз алдымызға төмендегідей мақсат қойған едік: «Үздіксіз білім беру үшін заман талабына сай нақты арнайы білімдерді меңгерген, ауқымды ақпараттарды өмірде қолдана білетін, бәсекеге қабілетті, адамгершілігі мол, дені сау түлек дайындау. Осы мақсатты жүзеге асыруда төмендегі міндеттерді алға қойдық:

№ 7 Хромтау мектеп - гимназиясы (жанындағы мектеп интернатымен) КММ мен Хромтау Аудандық Білім Бөлімінің жоспарына сәйкес 2023 жылдың 13.11 – 17.11 аралығында «Жігер» ресурстық орталығының сессиясы өтті. Сессияға Шағын жинақталған мектептерден құралған 4 - магнитті мектеп оқушылары қатысты.

Олар: Аққұдық орта мектебі

Майтөбе орта мектебі

Оңғар орта мектебі

Көктау орта мектебі.

Ресурстық мектептердің 2023-2024 оқу жылына сапалық құрам көрсеткіші:

Аққұдық орта мектебінде барлығы:

I.Білімі бойынша: 19

Жоғары білімді – 17/89%

Арнаулы орта – 2/11%

II.Санаты бойынша:

Зерттеуші – 5/26 %

Сарапшы – 2/11%

Модератор - 1

Санатсыз - 11

Майтөбе орта мектебінде барлығы: 17

I.Білімі бойынша:

Жоғары білімді – 16 /94%

Арнаулы орта – 1 /6%

II.Санаты бойынша:

Зерттеуші – 2 /12%

Сарапшы – 3/18%

Модератор - 3 /18%

Педагог - 9 /530%

Оңғар орта мектебінде барлығы: 14

I.Білімі бойынша:

Жоғары білімді – 12/86%

Арнаулы орта – 2/14%

II.Санаты бойынша:

Сарапшы – 8/57%

Модератор - 3/21%

Педагог - 3/21%

Көктау орта мектебінде барлығы: 36

I.Білімі бойынша:

Жоғары білімді – 32/89%

Арнаулы орта – 4/11%

II.Санаты бойынша:

Зерттеуші – 4/11%

Сарапшы – 10/28%

Модератор - 9 /25%

Педагог – 13/36%

Білім алушылар саны :

№ 7 Хромтау мектеп –гимназиясында барлығы: 677 оқушы, 1-4 кл 328 оқушы, 5 – 11 кл 349 оқушы.

Аққұдық орта мектебінде - Барлығы: 66 ,1-4 27 оқушы, 5-11 39 оқушы

Майтөбе орта мектебінде - Барлығы: 62 оқушы ,1-4 кл 22 оқушы,5-10 кл 40 оқушы

Оңғар орта мектебінде - Барлығы: 61 оқушы,1-4 кл 31 оқушы , 5-9 кл 30 оқушы

Көктау орта мектебінде - Барлығы- 156 оқушы , 1-4 кл 73 оқушы , 5-9 кл 83 оқушы

Жалпы барлығы: 44 оқушы қамтылды.

7 класс – 10 оқушы

8 класс – 16 оқушы

9 класс - 18 оқушы

Хромтау аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес № 824\1 бұйрығымен Тірек мектепте (ресурстық орталық) қысқа мерзімді 13.11-17.11 аралығында сессиялық сабақтар Шағын жинақталған мектептермен ұйымдастырылса, 09.01-19.01.2024 ж аралығында қысқы сессия, ал 29.04-03.05.2024ж аралығында көктемгі қысқа мерзімді сессиясы қашықтықтан ұйымдастырылды. Жұмыс барысында ресурстық орталыққа магниттік мектептерден онлайн сабақтарға қатысатын оқушылардың саны анықталып, тізімі дайындалып аудандық білім бөліміне сұраныс берілді. Оқу-тәрбие үрдісі бойынша жоспарлары бекітіліп, сабақ кестесі дайындалды. Сонымен қатар сабақ беретін пән мұғалімдері анықталынды.

Аққұдық орта мектебінен - 19 оқушы

Майтөбе орта мектебінен - 8 оқушы

Оңғар орта мектебінен - 9 оқушы

Көктау орта мектебінен – 8 оқушылар қатысты.

Сессия жаратылыстану - математика бағыты бойынша жүрді. Күзгі сессия кезеңінде төмендегі пәндер оқытылды: химия, биология, физика, математика, география. Оқушылар эссе жазуға көмек қажет ететіндіктері байқалды. Сабақ кестесі бойынша оқушылар түстен

кейін онлайн сабақтарға қатысты. Пән мұғалімдері сабақтарына тиянақты дайындалып, барлық көрнекіліктері мен АКТ қолданып сабақ өткізді. Оқушылармен кері байланыс жасап отырды. Оқушыларды, сабаққа қатысуы класс жетекшісі мен мектеп әдіскері арқылы бақыланып отырды.

Жалпы ресурстық орталықтың балаларына жақсы жағдай жасалынды деуге болады. Өйткені мектептің материалдық-техникалық базасы, мектеп жанындағы интернат жатақханасының жаңа заман талабына сай жабдықталуы, мектеп ауласының көгалдандырылуы мен гүлденуі, демалыс орындарының болуы, мектеп асханасының талапқа сай болуы ресурс жұмысына оңтайлы әсер етті.

Тірек мектебі бойынша 2023 -2024 оқу жылында педагог мамандардың жалпы саны- 86 болса, оның жоғары білімдісі -77/89 % ,

Магистр – 3/6 %

Арнаулы орта - 9/10 %

Санаты бойынша:

Шебер - 1/2%,

Зерттеуші - 11/13 % ,

Сарапшы - 23/27 % ,

Модератор - 16/18 %

Санаты жоқ - 36/42%

Соның ішінде жаңартылған білім мазмұны бойынша білімдерін жетілдірген мұғалімдер, деңгейлік курстан өткені, мектеп көшбасшысы-басшылық курстан өткені-1 (Мектеп директоры). Сонымен қатар мектепте тренер, үйлестіруші, «Жас мамандар» мектебі, шығармашылық топ, «Озат тәжірибе» мектебі жұмыс жасайды. Осылайша ресурстық орталық шағын жинақты мектептердің оқушыларының сапалы білімге қол жеткізулеріне, жан-жақты тәрбие алуларына өзіндік үлес қоса отырып, іс-тәжірибемізді аудан, облыс деңгейінде бұқаралық-ақпарат беттеріне де жариялап келеміз: «Қазіргі жағдайда ШЖМ-гі білім беру үдерісін ұйымдастыру».

Сессия соңында оқушылардан сауалнамалар мен кері байланыс алынды. Оқушылар сессия ұнағанын соның ішінде сабақ берген пән мұғалімдерін атап, алғыстарын білдірді.

Болашақта да оқушылары туралы деректер қорына, оқу жетістіктеріне, кіру және шығу тест қорытындыларына талдау мен мониторинг жүргізу, оқушылардан сауалнамалар мен кері байланыс алу, пән мұғалімдерінің рефлексивті есептеріне талдау жасау арқылы оқыту мен оқу сапасын дамыту, түрлі жарыстар мен сайыстар, сыныптан тыс шаралар арқылы қабілеттерін дамыту-басты мақсатымыз болып отыр. Сондықтан да алдымызға тірек мектебінің жұмысын жоба ретінде жоғарғы оқу орындарымен байланыста жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз.